

достижение поставленных перед собой целей деятельности. Этими же принципами нужно руководствоваться при обеспечении защиты любой информации, с которой работает компания. Для того чтобы информация была надежно защищена, важно всего один раз написать политику информационной безопасности и внедрить процесс мониторинга ее соблюдения и актуализации.

Вместе с тем, несмотря на значимость названных проблем, мало исследованными остаются вопросы построения эффективной системы информационной безопасности организации, определения роли и места СМИ в этой системе.

1. Россия и Европа: информационное сотрудничество в условиях глобализации // Аналитический вестник Совета Федерации ФС РФ. - 2004. - № 11 (231).

2. Колосков С. Управление информационной безопасностью в мире // Информационная

безопасность. - 2008. - № 7, 8.

3. Засурский Я.Н. Информационная безопасность России и средства массовой информации // Информационное общество. - 2001. - Вып. 4. - С. 19-23.

4. Олейник И., Латинов А. Плюс-минус репутация (российский опыт репутационного менеджмента). - 2008.

5. Аскеров Т. М. Защита информации и информационная безопасность. М., 2001.

Қазіргі уақытта ақпараттық қауіпсіздік проблемасына баса назар аударылуда, алайда әзірге оны камтамасыз етудің техникалық құралдарына ғана иек артылатынын байқауға болады. Бұл мақалада ақпараттық қауіпсіздік кез келген құрылымның қызметі мен дамуының барлық құбылысын камтамасыз ететін ауқымды жүйесі ретінде қаралып отыр.

At the moment a lot of attention gives to the problem of information security, but meanwhile attention going to technical skills of security system. In the given article information security considers as large system, that shows practical aspects of development and activity of any structure.

Р. Бердібаев

ЖАҒАҢДАҢУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бүкіл әлемде өтіп жатқан ақпараттық қоғам құру процесі өзгеше қасиеттерімен ерекшеленеді. Жаһандану процесінің өзі ақпараттық технологиялар арқылы ақпараттық қоғамда дамитыны белгілі.

Жаһандану процесі әлемдік ақпараттық байланыстарға жаңа тәуелсіз мемлекеттерді тартуда. Бұл елдерде жаңа ақпараттық технологияларды, коммуникациялық менеджменттегі инновацияларды игеру бұрынғы ақпараттық өрісті трансформациялау процесімен қатар жүрді. Өтпелі қоғамда ақпараттық жүйелерді жаңалау, жетілдіру, оларды техникалық жабдықтау және ашықтық, демократиялық дәрежесі бойынша дамыған елдердің стандарттарына сәйкестендіру мәселелеріне әлеуметті медиаландырудың жаһандық мәселелері қосақталды [1]. Бірқатар эксперттер жаһандануды негізгі үш қасиетімен сыпаттап отыр. Олар:

- Жаһандық ақпараттық тораптарды дамыту;
- Қаржылық жүйелерді компьютерлендіру;
- Көліктік тораптарды дамыту [2].

Бұл тораптардың барлығында жаһандық байланыс негізінен жергілікті тораптардың

орталықтары (шет ел баспасөзінде «хаб» деп аталады) арасында болады. Сондықтан тораптармен «жабдықталған» кеңістік біртекті болмайды. Ал кейбір орталықтардың басқаларға қарағанда мүмкіншіліктері артық болады. Яғни бұндай «гравитациялық орталықтарда» коммуникацияның түрлі құралдарына, сонымен бірге білімге деген қол жетімділік жеңіл болады. Бұндай орталықтарда білімді тұрғындардың көптеп топтасуы байқалады, өйткені экономикалық шаралардың көбі осында өтеді. Қазіргі таңдағы жаһандық әлем осындай әмбебап орталықтардың тобынан тұрады. Жаһандық орталықтар миграция орталықтарына айналып, ондағы жергілікті тұрғындардың басқа тұрғындарға қарағанда құқығының, мүмкіншіліктерінің артық болуына байланысты, әлеуметтік теңсіздіктерге әкеп соғады.

Академик Ә. Нысанбаев осы тұрғыда «Әлемде жаһандану, нақтылай айтсақ біркіндіктік жаһандану процесі қарқынды жүруде. Оның кіндігі АҚШ болып отыр. Олардың «бізбен бірге болмаған, бізге қарсы» қағидасы өте қауіпті. Сондықтан бұл проблеманы шешу үшін көпкіндіктік жаһандануды іске асырған жөн сияқты. Сонда ғана әлемдік, аймақтық және

ұлттық қауіпсіздік қамтамасыз етіледі» деп есептейді [3].

Жаһандану процесінің дамуы елдегі экономикалық факторлармен қатар ақпараттану процесіне, әлемдік ақпараттық кеңістікке ену жағдайларына тікелей қатысты. Ал қазіргі кездегі ақпараттану процесі мен ақпараттық технологиялардың дамуы, оларды күнделікті пайдалану аясы өскен сайын ұлттық қауіпсіздіктің ажырамас бір саласы – ақпараттық қауіпсіздік проблемасы күрделене түседі.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мәліметтеріне сүйенсек, соңғы жылдары шетелдік арнайы барлау қызметтерінің Қазақстанға деген “қызығушылықтары” арта түскен. Олардың негізгі мақсатты нысаналары – Қазақстанның саяси, экономикалық, қорғаныс потенциалы. Сонымен бірге Президенттің, үкімет органдарының күзет жүйесі, елдің экономикасы, соның ішінде мұнай өндіруші салалар, металлургия, атом және энергетикалық өнеркәсіп, көлік және коммуникация, қорғаныс күштері туралы ақпарат жинау жөнінде айғақты дәлелдер бар.

Елімізде есептеу техникасының, телекоммуникация және байланыс құралдарының, программалық өнімдердің өндірісінің болмауы мемлекеттің дамыған елдерден техникалық, технологиялық тәуелді болуына мәжбүр ететіні белгілі. Бұл өз кезегінде ақпараттық қауіпсіздікке кері әсерін тигізеді. Көрсетіліп отырған мәліметтер ақпараттық қауіпсіздіктің экономикалық, техникалық аспектілеріне байланысты келтірілген мысалдардың бірі ғана.

Ал, енді әлеуметтік-рухани қауіпсіздікке келер болсақ – қоғамымызды жаппай ақпараттандыру, әлемдік ақпараттық кеңістікке шығу процесі дамыған сайын, оның пайдасымен бірге, келеңсіз жақтарының да қатар өсуі заңды құбылыс. Бұқаралық мәдениеттің ықпалы ұлттық мәдениетті кейінгі ысыруы әбден мүмкін. Өйткені бұқаралық ақпарат құралдарының қай түрінде болмасын, сонымен бірге қазіргі таңда БАҚ-на теңестірілген Интернет желісінде де біздің ұлттық мәдениетімізге, тәлім-тәрбиемізге жат материалдарды көптеп кездестіруге болады. Бұны кейбір ғалымдар “мылтықсыз майдан” десе, кейбіреуі “ақпараттық соғыс”, “ақпарат майданы” деп атап жүр. Американдық мамандар ақпараттық қарсы күрестің (ақпараттық соғыстың, ақпараттық қарудың) жеті бағытын: басқару жүйелерімен күрес, ақпараттық-барлау операциялары, электрондық күрес, хакерлік күрес (ақпараттық қылмыс), ақпараттық-психологиялық күрес, кибернетикалық және тораптық күрес (оның ішінде ақпараттық терроризм), экономикалық ақпараттық күресті атап көрсетеді.

Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік тұжырымдамасында: «Басқаларға

қарағанда рухани өмір саласы негізінен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асырылатын ақпараттық-насихаттық әсер етуге, идеологиялық қысымға, мәдени өктемдікке сезімтал болады. Осыған байланысты жеке тұлғаның рухани өмірін қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдары айқындаушы рөл атқарады, бұл олардың қоғам алдындағы ерекше жауапкершілігін негіздейді» делінген.

Ақпарат алуан түрлі. Оны қолдану аясына байланысты жағымды – жағымсыз, пайдалы – пайдасыз, құнды – құнсыз, құпия – жалпыға бірдей түрлері болады. Осыған байланысты ақпаратты қорғау, ақпарат қауіпсіздігі проблемасы туындайды. Ақпарат ағынын мемлекет тарапынан реттеу мәселесі тек біздің елде ғана емес, көптеген шет елдерде де қызу пікірталас тудыруда. Ұзақ талқылаудан кейін қабылданған «БАҚ туралы» заңдағы қазақстандық БАҚ саласындағы шетелдік инвесторлардың үлесін шектеу, радио – теледидар хабарларын мемлекеттік тілде жүргізілуін реттеу, отандық хабарлардың көлемін ұлғайту, эротикалық фильмдерді шектеу сияқты ұсыныстар бүгінгі таңдағы мемлекеттің саяси жағдайынан, ұлттық діл мен мәдени ерекшеліктерін ескеріп, ұлт қауіпсіздігін сақтаудан туындап отырған шаралар деп қабылдаған жөн.

Әлия Қамзина “Жаңа Еуразия” газетін шығарушы Намық Кемал Зейбектің түркі тұқымдас елдерді Жаңа Еуразия идеясына шақыруы негізінде былай топшылайды: “...жаһандастырудың жағымды, объективті тұстарын құп көре отырып, оның антигуманистік көріністеріне тосқауыл қоя білуді үйренген жөн. Ол үшін бүкіл түркі дүниесінің экономикалық, саяси-әлеуметтік, мәдени, ақпараттық ресурстары іске қосылып, жұмыла жұмыс істеуі қажет. Сонда ғана мемлекеттің де қауіпсіздігі, ақпараттық кеңістіктің қауіпсіздігі, оның ұлттық нышандары сақталып қалмақ” [5]. Бұл ұсыныстың жүзеге асуына бүгінгі күні алғы шарттар жасалған деуге болады. 2009 жылы 2-3 қазанда Әзірбайжан Республикасында өткен Түркітілдес мемлекеттер басшыларының ІХ саммитінде Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғыз, Түркия Республикасының Президенттері түркітілдес мемлекеттер арасындағы екі жақты және көпжақты ынтымақтастықты нығайту мақсатында қабылдаған Нахычыван декларациясы өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту мақсатында жасалған батыл саяси қадам деп есептейміз.

Жаһандану процесін жеделдетуші фактордың бірі Интернет желісінің мемлекеттің, қоғамның, жеке тұлғаның дамуына ықпалы мол. Екінші жағынан оның қолданылу аясы, тұтынушыларының саны артқан сайын ақпараттық қауіпсіздік мәселелері де күрделене бермек.

Бүгінде Интернет желісі бүкіл әлем жұртшылығының арасында еркін ақпарат алмасу құралы ғана емес, сонымен бірге мүдделі топтардың, алпауыт елдердің «ақпараттық қаруына» айналды.

Қоғам қайраткері Мұхтар Шахановтың мәлімдемесіне сүйенсек, Қазақстандағы мемлекеттік тілдегі баспасөз құралдарының жалпы саны 453 басылым ғана. Оның 392-сі газет, 61-і журнал. Ал түрлі мекемелер арқылы Қазақстанға Ресей Федерациясының 5248 газет-журналы тарайды екен. Бұған өз республикамызда орыс тілінде және орыс тілі араласқан басқа тілдерде шығатын 2303 басылымды қосыңыз. Ресейден келіп жатқан баспа өнімдерінің 2728-і ғана Қазақстан Республикасы Мәдениет және апарат министрлігінде тіркелген. Мәселен, кейбір Ресей басылымдары Қазақстан заңдары мен кеден салығын және өзге де салықтарды айналып өтудің оңай жолдарын тауып алған. Олар өз материалдарын Интернет арқылы тікелей Қазақстан баспаханаларына жіберіп, сол арадан газет немесе журнал етіп бастыра береді екен [5].

Соңғы жағдайға келер болсақ, қазір тек Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге бүкіл әлемде Интернет желісі арқылы жүргізілетін сауда – е-комерцияны реттеу мүмкін болмай тұр. Бұған себеп – БҰҰ-ның арнайы комиссиясы 1996 жылы бекіткен салықсыз электрондық сауда және халықаралық сауда арбитражы туралы акт, сонымен бірге АҚШ пен Еуроодақ мемлекеттері де 1998 жылдың 1 қаңтарынан бері салықсыз электрондық сауда жүргізуде. Ал Қазақстан мүше болуға ұмтылып отырған Бүкіләлемдік сауда ұйымы да 1998 жылғы мамыр айынан бері салықсыз электрондық сауда жүргізу туралы шешім шығарған болатын [6]. Е-комерцияның тез дамуына Интернет арқылы сауда жасаудың мынадай ерекшеліктері ықпал етіп отыр:

- тура және жанама жарнамаға арналған арзан электронды құралдар;

- жарнамалық немесе басқа да ақпаратты тасымалдау немесе жариялау құралы есебіндегі Интернеттің арзандығы;

- жарияланымдар мен мәліметтерді іздеу, ақпаратпен алмасу әдістерінің біртұтас инфрақұрылымы;

- Интернет аудиториясының күн санап өсуі және уақыт жағынан шексіздігі.

Интернет торабы кез-келген азаматтың Қазақстанның Конституциясына сәйкес еркін ақпарат алуына, сөз бостандығына жағдай жасап отыр. Бұл медальдың бір жағы. Ал екінші жағына келсек, онда Конституцияның 20-бабы, 3-ші тармағында айтылған «Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет

қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға жол берілмейді» деген талапқа қарсы ақпарат таратуда.

Осы орайда Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне қарасты Лаңкестікке қарсы орталық штабының мәліметтеріне сүйенсек, ақпараттық технологиялар мен компьютерлік желілерді трансұлттық лаңкестік және экстремистік ұйымдардың көптеп игергендігі, киберлаңкестіктің шығуына себепші болғандығы жөнінде фактілер бар. Батыстың арнайы қызметтері мен құқық қорғау ұйымдарының мәлімдеуі бойынша, «Аль-Каеда», «Хезболла», «Абу Нидаль» секілді және тағы басқа лаңкестік ұйымдар Интернет мүмкіндіктерін белсенді қолданады. Қазақстандағы оперативті-іздеу шараларын жүргізу барысында алынған деректерді ескере отырып оларға мүшелері республикада ұсталынған «Орталық Азияның Жамаат моджахедтері» мен «Өзбекстандағы мұсылмандық қозғалыстарды» жатқызуға болады. [7].

Сонымен бірге Интернетте порнографияны, оның ішінде жас балалардың қатысуымен көрсетілген порнографияны, зорлық-зомбылықты насихаттайтын сайттардың санын анықтау, оларға тыйым салу да күрделі мәселе. Қазақстанда басылып шығатын газет-журналдарды, радио-теледидар бағдарламаларын, олардың таратылу тәртібі мен басылым тілін «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», өзге де заңдармен, Үкімет қаулыларымен реттеуге болатын болса, ал жаһандық Интернет торабын біздің елдің бір ғана заңымен толықтай реттеу мүмкін емес. Мысалға, АҚШ-тың 1996 жылғы жасөспірім арасында жағымсыз ақпаратты таратуды Интернет провайдерлері тарапынан шектеуге бағытталған Байланыс саласындағы ұстамдылық туралы заңы АҚШ жоғарғы сотымен конституцияға қарсы деп танылған. Сол сияқты Германия үкіметінің Интернеттегі неонацистік бағыттағы ақпаратты және порнографияны шектеуге бағытталған шаралары АҚШ-тың сөз бостандығы туралы заңына қайшы келгендіктен заңмен қудаланған. [8].

Біздің елде Интернет торабының қызметін ұсынып отырған провайдерлер мыңдаған интернет ресурстардың мәніне, мағынасына талдау жасауы үшін тек техникалық мамандар ғана емес, сонымен бірге тіл мамандарының, заңгерлердің көмегіне жүгінуі тиіс. Ал ІСТ-Marketing тәуелсіз зерттеу компаниясының зерттеулерінің қорытындысы бойынша 2009 жылдың соңында интернет тұтынушылардың саны 3,16 миллион адамға жеткен, 2008 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 30 пайызға артқан [9].

Қазіргі таңда бүкіл әлемді шарпыған қаржылық дағдарысқа байланысты еліміздің Президенті Н.Назарбаев III Әлемдік және дәстүрлі діндер съезінде: “Бүгінде алдыңғы тұрғыға ізгілік бастаулары шығуы тиіс. Санадағы өзгерістерсіз, моральдық нормалар мен биік адамгершілік қағидаттарды қатаң сақтаусыз дағдарысты еңсере алмайтынымызға мен сенімдімін!” – деп қадап айтты, яғни дағдарысты еңсеріп, мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайту үшін қоғамда болашаққа деген сенім, рухтың күштілігі керектігін білдірді.

Ақпараттық қауіпсіздіктің саяси, экономикалық, ұйымдастырушылық, техникалық, рухани сияқты бірнеше аспектілері бар. Ал ұлттық рух мәселесі ақпараттық қауіпсіздіктің түгелдей дерлік аспектілерімен өзара байланысты деп есептейміз. Өйткені ұлттық рухы қалыптасқан, дамыған елдерде ақпараттық қауіпсіздік мәселесі барынша шешілген. Мысалға, мұндай елдердің алдыңғы қатарына Жапония мемлекеті жатады. Екінші жағынан, мемлекеттің оң имиджін қалыптастыруға, ұлттық идеологияны дәріптеуде, сонымен қатар ұлттық рухты қалыптастырып, дамытуда ақпараттық насихат жұмыстарының алатын орны ерекше. Осы орайда Елбасымыз Қазақстан халқына арнаған «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты 2006 жыл 1 наурыздағы жолдауында: «Қазір БАҚ адамдар үшін қиындықты қалай еңсеруге болады, мынандай қиын кезде қалай аман қаламыз, қалай төтеп береміз деген мәселелерде «кеңесші» ретінде көрінуге тиіс. Сенімділік, жеке белсенділік, төзімділік, патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік секілді көңіл күйлерді орнықтыратын материалдарды жиі беру керек» деген болатын.

Қазақстан жағдайында ұлттық рухты

қалыптастырып, дамытуда ақпараттық қауіпсіздік - аса өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан бұл мәселені шешуге БАҚ өкілдерінен басқа, ғалымдардың, саясаткерлердің, ұстаздардың да белсене араласуы керек деп есептейміз. Сыртқы және ішкі саясат мемлекеттің ақпараттық саясатының негізінде дамуы тиіс.

1. Сарсенбаев А. Стратегия формирования информационной политики Республики Казахстан в переходный период. Дис. д-ра полит. наук., 2000 -225 с.
2. Гриняев С. Глобализация и информационная безопасность // Красная звезда. - 29 ноября 2002 года
3. <http://www.aikyn.kz/site.php?lan=kaz&id=168&pub=6203> сайтынан
4. Қамзина Ә. Түрік басылымдары және ақпараттық қауіпсіздік // Ақиқат, №11. - 2003ж.
5. Шаханов М. Ақпараттық диверсияны қалай тоқтатамыз?// Түркістан газеті, 12.04.2007 ж.. - № 15.
6. Скородумов Б.И. Стратегия информационной безопасности в Интернет // Политика. - март 2001. - № 45.
7. [http://www.edu-cip.kz/ru/Documents/AboutTerorizm\(kaz\).doc](http://www.edu-cip.kz/ru/Documents/AboutTerorizm(kaz).doc). Сайтынан
8. Цензура и блокирование доступа к информации в Интернете. - Госдеп США, <http://usinfo.state.gov/russian/>, 04.05.2006 г.
9. Vesti.kz, 28.01.2010, 09:49

В докладе рассматриваются некоторые политические и духовные аспекты проблем информационной безопасности в условиях всемирной глобализации и вхождения страны в мировое информационное пространство.

In the report some political and spiritual aspects of problems of information safety in conditions of the world globalization and occurrence of the country in world information space are considered.

Ә.С. Қайдарова

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫ ТҰЖЫРЫМДАУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ФАКТОР МЕН БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

Ұлттық идея мәселесі – жаңа мәселе емес. Оны талқылауда бүгінгі күнге дейін бұл тақырыпқа ешкім және ешнәрсе айтпағандай, ашық есікке ұрынудың қажеттілігі жоқ.

Не үшін ұлттық? Мемлекеттік емес, жалпы немесе тағы басқандай бір емес? Ағылшын тілінде national – nation сөзінен – бұл этникалық. Сонымен қатар бұл тағы жалпы, жалпыәлеуметтік, жалпытерриториялық, жалпымемлекеттік – енді этникалықтың белгілерісіз. Екеуі де

тұтас мемлекеттің интегративті аумағын білдіреді. Немесе бүкіл қоғамның. Сонымен қатар civil nation шатастырылып жүр, азаматтық ұлт ретінде, сондай ақ этникалықтың ауқымынан шығып кететін, осы мемлекеттің тұтас территориясының тұрғындарын білдіретін. Саяси жүйедегі қоғамның көпшілік билігімен бірлескен әрекетіне тән немесе нақты белгісі ретіндегі азаматтық қоғамды да еске түсіру керек. «Мемлекет» термині екі мағына береді.